Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

75

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ | WWW.KAZNU.KZ | №33 (1899) 4 ҚЫРКҮЙЕК 2023 ЖЫЛ

## Президент жолдауы 19 нүктеден тыңдалды



**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы мен студенттері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына жолдауын тікелей эфир арқылы тыңдады.**

Университет басшылығы, оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттер жолдауды кампустың 19 нүктесінде бір мезгілде тыңдап, Мемлекет басшысы айтқан алдағы кезеңдегі елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі басымдықтары мен міндеттерін бірауыздан қолдады.

Университет ұжымы алда әлеуметтік-экономикалық бағытта атқарылатын іс-шаралардың маңыздылығына ден қойды. Жолдауда Қазақстан азаматтарының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған негізгі міндеттер толығымен қамтылды.

Президент жолдауында экономикаға басымдық беріліп, университеттік ғылымды заман талабына сай дамыту қажеттігі атап өтілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұл жолдауда үш жыл көлемінде жүзеге асырылатын саяси реформалардың жаңа бағдарламасы мен әлеуметтік-экономикалық бағытта атқарылатын іс-шаралар туралы кеңінен айтты.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күні және Қазақстанның рөлі» атты дөңгелек үстел отырысы өтті.**

## Тұрақты даму тақырыбы талқыланды




Жиынға ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, БҰҰ Жаһандық коммуникациялар департаментінің өкілі және Қазақстандағы БҰҰ Ақпараттық орталығының басшысы Властимил Самек, ғалымдар, оқу ордасының оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттер қатысты.

Бүгінде ҚазҰУ-да Тұрақты дамудың (ТДМ) барлық 17 бағыты бойынша көптеген іс-шаралар атқарылуда. Дөңгелек үстел отырысы тұрақты даму мақсаттарында көрсетілген климатты жақсарту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғау, климаттың өзгеруіне қарсы күрес бағыты бойынша жүзеге асуда.

Шараны Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Пан Ги Мун атындағы Тұрақты даму институты мен Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасы ұйымдастырып отыр. Конференция отырысын университет басшысы Жансейіт Түймебаев ашты.

Дөңгелек үстел отырысының мақсаты – Семей полигонын жабу тәжірибесіне ерекше назар аудара отырып, «Ядролық сынақтар, қоршаған орта және тұрақты даму» тақырыбын мұқият талқылау.

**Айнұр АҚЫНБАЕВА**

## Факультеттер жаңа оқу жылына дайын

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ғылыми кеңестің кезекті отырысы өтіп, білім ордасының жаңа 2023-2024 оқу жылына дайындығы талқыланды.**

Жиын басында тарих факультетінің деканы Досбол Байғонақов ҚазҰУ базасында ашылған «Орталық Еуразияның тарихы мен мәдениеті» ғылыми-зерттеу орталығын таныстырды.

Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Ләззат Еркінбаева университеттің жаңа 2023-2024 оқу жылына дайындығы туралы ақпарат берді. Проректор барлық факультеттердің оқу процесін ұйымдастыруға 100 пайыз дайын екенін атап өтті. ҚР бойынша бөлінген 68 034 гранттың 6 пайызы, яғни 4 090 грант иегері ҚазҰУ-ды таңдаған.

Өз кезегінде Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Жәмила Айтжанова университет ғылымы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесін арттыру міндетіне баса назар аударды.

Кеңес барысында операциялық қызмет жөніндегі проректор Әсел Уәлиева,



қаржылық қызмет жөніндегі проректор Қалилла Абдуллаев, Әлеуметтік даму және жастармен жұмыс департаментінің директоры Жұлдыз Есімова баяндамаларында цифрлық сауаттылық, халықаралық ынтымақтастық, оқу ғимараттары мен жатақханалардың дайындығына талдау жасады.

Ғылыми кеңес отырысын қорытындылай келе, ректор Жансейіт Түймебаев жаңа оқу жылында ҚазҰУ-дың 90 жылдығы аталып өтетінін баса айтты. Сондықтан айтулы датаға орай, оқу ордасының басшысы барлық жауапты мамандарға өз саласы бойынша атқарылатын жұмыстардың жоспарын ұсынуды тапсырып, бірқатар тапсырмалар жүктеді.

**Айнұр АҚЫНБАЕВА**



Анталия білім университетімен ынтымақтастық ныгаяды

2 >>



Жансеит ТУЙМЕБАЕВ:

Основное направление – социально-экономическая политика

3 >>



Ұлы заттарды ыдыратудың тың тәсілі

6 >>

№33 (1899), 4 ҚЫРКҮЙЕК 2023 ЖЫЛ АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ WWW.KAZNU.KZ

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Анталия білім университетінің ректоры, профессор Исмаил Юксекпен кездесу өткізді.**

# Анталия білім университетімен ынтымақтастық нығаяды



Қазіргі таңда университет Түркияның жоғары оқу орындарымен және институттарымен ғылым, жоғары білім және мәдени бағыт бойынша тығыз қарым-қатынаста. Атап айтқанда: Ыстамбұл, Йедитепе, Анкара, Мимар Синан сияқты 40-тан астам жетекші жоғары оқу орнымен әріптестік жолға қойылған. «Мәулана» халықаралық бағдарламасы аясында Түркия университеттерімен 31 ынтымақтастық туралы келісім бар.

Сондай-ақ ҚазҰУ-дың 50-ден астам оқытушылары мен қызметкерлері 2021 жылы Анталия білім университетіне арнайы барып, тағылымдамадан өткен болатын. Бұл үрдіс 2022 жылы өз жалғасын тауып, оқу ордасының тағы да 50 қызметкері аталған жоғары оқу орнына барып, біліктілігін арттырды.

«2022 жылы Ыстамбұл университетінде ҚазҰУ филиалы ашылды. Университетте 1996 жылдан бері ТҮРКСОЙ кафедрасы табысты жұмыс істеп келеді», – деді Жансейіт Түймебаев.

Өз кезегінде Исмаил Юксек университет жетістіктерін жоғары бағалап, алдағы уақытта қос тараптың да ынтымақтастықта жұмыс істейтініне сенім білдірді.

**Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ**

# Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі жұмыс



**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Арман Рахимов «Өскелең ұрпақтың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетаным қалыптастыру» атты дәріс оқыды.**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев өз сөзінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, жастармен идеологиялық жұмыс жүргізу ең маңызды мәселе екенін атап өтті.

«Университет арнайы іс-шаралар жоспарын бекітіп, жүйелі жұмыстар атқарып келеді. Оқу орнында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы технологиялар» ғылыми-зерттеу институты құрылған. Институт сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша ғылыми-білім беру кластері шеңберінде жұмыс істейді.

ҚазҰУ алғашқылардың бірі болып «Адалдық дүкені», «Парасат» өнегелік мектебін ашты. «Sanaly urpaq» республикалық жобалық кеңсесімен бірлесіп студенттерге арналған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мектебі» ұйымдастырылды. Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты, Академиялық адалдық кодексі, университеттің комплаенс қызметі туралы ереже әзірленіп енгізілді», – деді университет басшысы.

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Арман Рахимов оқыған дәрісінде сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелеріне тоқталды.

**Айнұр АҚЫНБАЕВА**

# ИТМО-мен серіктестік артады

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Ақпараттық технологиялар, механика және оптика ұлттық зерттеу университеті (ИТМО) Халықаралық білім беру бағдарламалары басқармасының басшысы Екатерина Тулугурова бастаған делегациямен кездесті.**



«Ағымдағы жылдың сәуір айында Ресей Федерациясына жасаған сапарымда Ақпараттық технологиялар, механика және оптика ұлттық зерттеу университетінің ректоры Владимир Васильевпен кездесіп, академиялық алмасу, «Ақпараттық технологиялар» бағыты бойынша бірлескен ғылыми-зерттеу институтын ашу сынды мәселелер бойынша өзара пікір алмастық. Бұл жоба жоғары рейтингті журналдарда зерттеулер жүргізу және мақалалар жариялау, IT саласын дамыту, сондай-ақ студенттердің стартап-идеяларын жүзеге асыруға септігін тигізеді. Біз ИТМО университетімен жемісті және өзара тиімді серіктестікке толық мүдделіміз», – деді Жансейіт Түймебаев.

Өз кезегінде Екатерина Тулугурова аталған бастамалар мен ұсыныстарды қолдайтынын жеткізіп, қос университет арасындағы ынтымақтастықты одан әрі арттыруға бар күш-жігерін салатынын жеткізді.

**Света ӘБІЛҒАЗЫҚЫЗЫ**

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің өкілетті кеңес төрағасы, профессор Мұхиттин Шимшекпен кездесті.**

# Дамуға бағытталған бастамаларды қолдады



«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ зерттеу мәртебесін алғаннан кейін ғылымға басымдық беру бағыттарын күшейтуде. Бүгінде университет ғалымдары 100 инновациялық жоба әзірлеп шықты. Қазіргі таңда ғылыми жобаларды ілгерілету және коммерцияландыру бағытында жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар студенттер дайындаған стартаптар бар. Университетте 16 факультет, 8 ғылыми-зерттеу институты, 29 ғылыми орталық пен Ғылыми-технологиялық парки жұмыс істейді», – деді ректор.

Өз кезегінде Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің өкілетті кеңес төрағасы, профессор Мұхиттин Шимшек серіктестікті дамытуға бағытталған барлық бастамаларды қолдайтынын жеткізді.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Әл-Фараби кітапханасы қорына белгілі мемлекет қайраткері, дипломат Константин Жигалов ғылыми-әдеби мазмұны бай, мағынасы терең кітаптарды сыйға тартты.**

# Дипломат құнды кітаптар сыйлады



Қайраткер тарту еткен басылымдардың ішінде еліміздің халықаралық кеңістіктегі рөлі мен сыртқы саясаттағы ынтымақтастық байланыстары жайлы құнды деректерді қамтитын жинақтар мен көркем әдебиеттер бар.

Жалпы саны 153 дананы құрайтын басылымдар жас ұрпақтың ұлттық таным-түсінігі мен ой-санасын дамытуға оң ықпалын тигізеді. Сондай-ақ дипломат Ұлыбритания тарихы, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының сыртқы саясаты мен халықаралық байланыс салалары кеңінен қамтылған басылымдарды да кітапхана қорына табыс еткен. 1961-2017 жылдарды қамтитын басылымдар ішінде Фейхтвангер Лион, Франс Анатоль, Михаил Шолохов, Иван Тургенов сынды көрнекті жазушылардың көптомдық кітаптары да кездеседі.

**Айнұр АҚЫНБАЕВА**

# «Мәдени мұра» ұлттық бұрышы ашылды



**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Әл-Фараби кітапханасында «Мәдени мұра» ұлттық бұрышының ашылуы өтті.**

Салтанатты шараға университет ректоры Жансейіт Түймебаев, БҰҰ Жаһандық коммуникациялар департаментінің өкілі және Қазақстандағы БҰҰ Ақпараттық орталығының басшысы Властимил Самек, Пан Ги Мун орталығының қызметкерлері, оқу ордасының оқытушылары мен білім алушы жастар қатысты.

Қазіргі таңда ҚазҰУ-да БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарының 17 бағыты (ТДМ) бойынша іс-шаралар тұрақты атқарылуда. Еліміздің жетекші университетінің көптеген ғылыми-білім беру жобалары ТДМ аясында жүзеге асырылып, материалдық емес мәдени мұраны насихаттау, өмір сүру сапасын жақсарту, ұлт денсаулығын нығайту және экологияны сақтау мәселелерін қозғайды.

Университеттегі «Мәдени мұра» ұлттық бұрышы Тұрақты даму мақсаттарының 11 бағытында көрсетілген материалдық емес ұлттық мұраларды сақтау, қорғау және насихаттау көрсеткіштері бойынша қолға алынды.

**Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ**

WWW.KAZNU.KZ
75
№33 (1899), 4 ҚЫРКҮЙЕК 2023 ЖЫЛ
АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

**Жансеит ТУЙМЕБАЕВ,**
Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби

# Основное направление – социально-экономическая политика

**Озвученное Главой государства К.К.Токаевым 1 сентября послание народу Казахстана, является реализацией его конституционного полномочия, предусмотренного Основным законом. Президент Республики Казахстан обращается с ежегодным посланием к народу Казахстана о положении в стране и основных направлениях внутренней и внешней политики Республики. Послание этого года отличается от предыдущих тем, что в нем «красной нитью» проходит обозначенная Главой государства задача по диверсификации экономики. И здесь Президентом обоснована необходимость принятия для страны судьбоносных проектов, направленных на формирование в стране экономической самодостаточности.**



Хочу отметить, что в предыдущих посланиях и в своей предвыборной платформе Глава государства К.К.Токаев уже ставил вопросы необходимости оздоровления экономики. Однако в Послании этого года им обозначены стратегически значимые приоритеты экономического развития страны. Прекрасно осознавая те негативные процессы, которые сегодня происходят в мире – вызовы, угрозы, вооруженные конфликты, продолжающийся мировой экономический кризис, К.К.Токаев, реализуя свое конституционное полномочие определять основные направления внутренней и внешний политики страны, поручает за три года решить все задачи, озвученные им в Послании. При этом, он отмечает что определяющими принципами нового экономического курса страны станут справедливость, инклюзивность и прагматичность. Надо отметить, что все эти принципы в полной мере соответствуют идее построения Нового Казахстана, как справедливого государства. А необходимость экономического прорыва в стране, обусловлена конкретными целями повышения уровня благосостояния рядовых казахстанцев и укрепления экономической безопасности и суверенитета государства.

Отличительной чертой данного Послания являются новые подходы в диверсификации экономики, которые Глава государства озвучил как «новую парадигму экономического развития Казахстана, которая будет строиться на эффективном использовании наших конкурентных преимуществ, а также на раскрытии потенциала всех ключевых факторов производства – труда, капитала, ресурсов и технологий. При этом Глава государства (и это очень важно) отмечает, что в рамках новой экономической политики мы отойдем от практики постановки долгосрочных эфемерных целей.

Исходя из того, что Президент страны К.К.Токаев концентрирует в Послании внимание на необходимости привлечения в нашу экономику крупных частных инвестиций, можно полагать, что потребуется внесение ряда кардинальных изменений как в структуру государственного управления, так и в законодательство, регулирующее сферу экономики и инвестиций в стране. К этим изменениям следует отнести освобождение иностранных и отечественных инвесторов от уплаты налогов и других обязательных платежей на первые три года. Действительно, опыт многих развитых в экономическом отношении стран (например, Турция в период президентства Ататюрка) показывает, что именно такие меры являются главным стимулом оздоровления и развития экономики.

Еще одним приоритетным направлением в оздоровлении и диверсификации экономики Глава государства определяет необходимость рационального использования электричества, тепла и воды, что полностью соответствует тем стандартам, по которым живут граждане многих развитых, в первую очередь, европейских стран.

Не смотря на то, что Послание в основном посвящено экономическим проблемам, в нем отчетливо наблюдается обеспокоенность Президента необходимостью дальнейшего укрепления нашего суверенитета, который во многом зависит от нашей экономики и экономической безопасности. Именно поэтому, в целях обеспечения энергетической безопасности нашей страны, Президент дает указание прекратить импортировать электроэнергию и, тем самым, ликвидировать энергетическую зависимость Казахстана от других стран. Затрагивая вопросы ценовой политики, К.К.Токаев вполне обоснованию отмечает, что проблема убыточного ценового регулирования серьезно тормозит развитие АПК.

Здесь, по мнению Главы государства, стабилизирирующую роль может играть Продовольственная контрактная корпорация, которая должна содействовать частному рынку в создании полноценной сети производства, хранения и сбыта сельхозпродукции. Важность и значимость решения этой задачи весьма актуально в нашей стране в экономическом отношении, поскольку от ее решения зависит во многом обеспечение продовольственной безопасности нашего государства.

Надо отметить, что ранее в посланиях и других политико-правовых документах Президент Республики Казахстан К.К.Токаев неоднократно обращал внимание на необходимость прекратить необоснованные преследования предпринимателей правоохранительными и фискальными органами. В данном Послании Глава государства вновь поднимает этот вопрос, что свидетельствует о том, что подобные факты имеют место в нашей действительности. Пора уже всем осознать – насколько эффективно будет в нашей стране развиваться малый и средний бизнес, во многом зависит экономическое благополучие как граждан, так и государства в целом. Поэтому К.К.Токаев требует прекратить неправомерное преследование бизнеса.

Установка Главы государства о необходимости восстановления Министерства транспорта и создания Министерства водных ресурсов и ирригации имеет стратегически важное для экономики страны значение поскольку проблем, связанных с качеством дорожной инфраструктуры накопилось очень много, что безусловно негативно сказывается на диверсификации экономики. А решение вопроса обеспечения чистой водой граждан и сферы сельского хозяйства не просто благоприятно скажется на состоянии здоровья наших граждан и повышении урожайности сельхозпродукции, но и повысит уровень благосостояния в обществе в целом и будет способствовать укреплению нашей продовольственной безопасности.

Обозначив основные приоритеты экономической диверсификации страны, Президент Республики Казахстан К.К.Токаев отмечает в Послании и необходимость дальнейшего применения в стране возможностей искусственного интеллекта, а это позволит совершить качественный рывок к экономике знаний. Действительно, в мире существует немало примеров, когда экономически отсталые страны, не имея богатых природных ресурсов и даже достаточной территории, смогли совершить экономический прорыв только благодаря развитию интеллектуального потенциала нации. В первую очередь, это страны, входящие в группу так называемых «восточных тигров». На этот путь нацеливает народ Казахстана и Глава государства К.К.Токаев.

Естественно, что для развития интеллектуального потенциала нации необходимо создание, в первую очередь, правовых условий для развития науки и наукоемких технологий. Поэтому К.К.Токаев отмечает необходимость закрепления в будущем законе «О науке и технологической политике» не декларативных, а действенных норм. Хочу отметить, что в КазНУ имени Аль-Фараби многие вопросы, связанные с развитием науки и научных технологий, озвученные Главой государства в предыдущих и нынешнем посланиях, уже во многом решаются положительно.

Далее, обозначив в Послании практически весь спектр вопросов экономической диверсификации (Главой государства даны поручения практически по всем отраслям экономики), Президент Республики Казахстан К.К.Токаев не обошел вниманием и социальную сферу. Здесь просматривается логически выверенный системный подход нашего Президента в стратегических вопросах социально-экономического развития государства, поскольку только успешная экономика может гарантировать успешное социальное развитие страны.

Так, в частности, Глава государства отмечает позитивные тенденции в демографическом развитии Казахстана, констатируя, что ежегодно в нашей стране рождается более 400 тысяч детей. При этом данную тенденцию, по мнению К.К.Токаева, Правительство должно использовать как конкурентное преимущество. Своевременно и обоснованно отмечая необходимость формирования гармонично развитой личности, Президент указывает (и это уже неоднократно) на необходимость ужесточить наказания за любые формы насилия в отношении несовершеннолетних.

Вопросы повышения качества образовательных услуг также нашли должное внимание в Послании, что весьма логично, поскольку от уровня квалификации выпускников учебных заведений во многом, если не в основном, зависит положительный исход намеченных Главой государства соционально-экономических реформ. Поэтому он констатирует: «Учебные заведения должны выстраивать долгосрочные партнерские отношения с потенциальными работодателями. Необходимы гибкие механизмы финансирования в зависимости от приоритетов экономики, специфики регионов и отрасли. Демографический рост в нашей стране повышает спрос на образование».

Далее, исходя из постулата: «Демократия – это диктатура закона», К.К.Токаев нацеливает все правоохранительные и иные госорганы на строгое соблюдение в стране режима законности и пресечение любых провокаций, направленных на нарушение общественного порядка.

Не обошел вниманием в Послании Глава государства и ряд других, весьма значимых вопросов социального, экономического и политического характера. Это вопросы социальной защиты детей и социально уязвимых слоев населения, совершенствование системы налогообложения, вовлечение граждан в управление делами в местных органах исполнительной власти и другие.

Кроме того, хотелось бы отметить, что если ранее Президент Республики Казахстан К.К.Токаев, говоря о кадровом резерве на политические государственные должности, отмечал о «неполных скамейках запасных», то отныне, согласно его указанию, будет создан кадровый резерв политических служащих. Тем самым «скамейки запасных» будут заполнены.

Примечательно данное Послание и тем, что Глава государства повышает ответственность за реализацию всех установок и задач, содержащихся в этом политико-правовом документе, и возлагает ее именно на Правительство Республики Казахстан. И это правильно, поскольку, исходя из смысла нашей Конституции и других нормативно-правовых актов, именно Правительство должно отвечать перед народом и Президентом за реализацию социально-экономической политики.

В заключение хочу отметить, что положительное решение всех указаний Главы государства, содержащихся в Послании, существенно поднимет уровень благосостояния наших граждан и приблизит всех нас к главной цели – построению нового Казахстана, как справедливого государства.

№33 (1899), 4 ҚЫРКҮЙЕК 2023 ЖЫЛ АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ WWW.KAZNU.KZ

# IT мемлекетке айналу – басты нысан

**Президент жолдауында көтерілген мәселелер Тұрақты дамудың барлық 17 бағытын қамтыды.**



Жолдаудағы білім саласына қажетті ең маңызды мәселе «сапалы білім» беру туралы, интернеттің жылдамдығы мен мұғалім кадрлардың біліктілігі де назарға алынды, яғни: «Сапалы орта білім алу – әрбір баланың мызғымас құқығы. Мұндағы ең түйінді сөз – «сапа». Сондықтан білім сапасын жақсарту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру ауадай қажет. Бәріне бірдей білім беру үшін интернет жылдамдығы жоғары және білім берудің цифрлық ресурстары тегін әрі қолжетімді болуы шарт. Білім беру жүйесі еңбек нарығының сұранысына қарай өзгеріп отыруы керек», – деді. Мұның астарында орта білім мазмұнында түйткілді мәселені дер кезінде шешпесек, ол мемлекеттің дамуына кедергі болатыны сөзсіз деген ой жатыр. Себебі сапалы білімнің арқасында ЖОО-ға білікті, талантты оқушылар қабылданып, болашақта білікті мамандар қалыптасып шығады.

Сондай-ақ халықтың әл-ауқатын көтеру мақсатында, күнкөріс деңгейі мен жалақы туралы: «2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы 85 мың теңге болады. Бұл шара 1 миллион 800 мың адамның, оның ішінде бюджет саласында еңбек ететін 350 мың азаматтың әл-ауқатын арттыруға септігін тигізеді. Жалпы, еңбек нарығын жан-жақты дамыту үшін Үкімет қысқа мерзімде 2030 жылға дейінгі кешенді жоспарды бекітуі керек», – деп тапсырды Мемлекет басшысы жолдауда. Яғни қоғамдағы әлеуметтік саланы күшейтіп, жалақыны көбейтіп, халықтың жағдайын жақсарту қажеттігі баса айтылды. Қазіргі кезде әлемде өркениетті елдердің даму көрсеткіші IT саласындағы жетістіктерімен көш ілгеріліп бара жатқаны да жолдауда негізге алынды. Атап айтар болсақ: «Біздің маңызды стратегиялық міндетіміз – Қазақстанды IT мемлекетке айналдыру. Цифрландыру ісінде нақты жетістіктеріміз де жоқ емес. Біз электронды үкіметті және финтехті дамыту индексі бойынша әлем көшбасшыларының қатарында тұрмыз», – деген болатын. Сондықтан цифрландыру мен ақпараттық қоғамның алғышарттарына тоқталып, оның болашағына зор мән берілді.

Жолдау соңында Президентіміз ұрпақ тәрбиесіне қажетті, маңызды ұлттық тәрбиеге мән беру керектігі туралы: «Әркім отаншыл, білімпаз, еңбекқор, тәртіпті, адал, әділ, үнемшіл әрі жанашыр болса, алынбайтын асу жоқ. Абайдың «толық адам» ілімінен бастау алатын «адал азамат» тұжырымдамасының түпкі мәні – осы. Тағы да қайталаймын: «Әділетті Қазақстан» және «Адал азамат» ұғымдары егіз құндылық ретінде әрдайым қатар жүруге тиіс. Шын мәнінде адалдық жоқ жерде ешқашан әділдік болмайды. Әрбір адам ісі мен сөзі бір жерден шығатын адал азамат болса, әділдік орнайды», – деп, елдің әрбір азаматының халқымыздың тәрбиесін, патриоттық сезімін нығайтып, адал болуын меңзейді.

**Абай ДҮЙСЕНБАЕВ,**
*Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доценті, педагогика ғылымының кандидаты*

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауының негізгі түйіні – Қазақстанның жаңа экономикалық үлгіге көшуі, яғни бүкіл экономикалық жүйені түбегейлі қайта қарау. Қазақстанның басты мақсаты дамыған елдердің қатарына қосылу, халықаралық нарықта өз орнын қалыптастыру болып табылады.**

# Дарынды жастарды қолдауға шақырды

Қазақстан – геосаяси жағдайы дамыған елдердің бірі. Мемлекет басшысы жолдауда атап өткендей, жаһандық экономика мен халықаралық еңбек нарығы өзгеріп жатыр. Сын-қатерлер мен түбегейлі өзгерістер елге қауіп төндіргеніне қарамастан, Қазақстанның экономикалық жағдайы бірқатар жоғары көрсеткіштерге ие: ЖІӨ 104 трлн теңгені құрады және 28 млрд доллар шетелдік инвестициялар тартылды, сыртқы сауда 136 млрд доллар, оның ішінде экспорт 84 млрд долларды құрап отыр.



Мемлекет басшысы жолдауда Қазақстандағы бірқатар мәселелерді атап өтті. Олардың негізгілері: шикізатқа тәуелділік, өңдеуші секторды дамыту, туристік әлеуетті арттыру, бәсекелестік артықшылықтарды тиімді пайдалану, отандық кәсіпкерлікті дамыту, ішкі нарықты қорғау, сауда-саттық саясатын дамыту, АӨК дамыту, халықтың әлеуметтік жағдайын арттыру, кедейлікті жою, кірісті арттыру.

Тұрақты даму мақсаттарының бірі – сапалы білім беру. Осы мақсатта Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Экономика кафедрасында 2021 жылы енгізілген «Цифрлық экономика» жаңа білім беру бағдарламасын атап өтуге болады. Алдағы бес жылда әлемдік экономика мен жаһандық еңбек нарығының дамуы туралы болжамдарға сәйкес, түлектер жергілікті және әлемдік еңбек нарығында сұранысқа ие болады. Білім бағдарламасын аяқтау туралы дипломдар еңбек нарығында тар бейінді мамандықтарды бітіргендерге қарағанда артықшылық береді. Сонымен қатар бакалаврлар магистратурада оқуын жалғастыра алады.

Креативті индустрия құруда талантты жастарға назар аударуды, жұмыспен қамтуды, үкіметке стратегиялық тұрғыдан маңызды саланы кешенді түрде дамыту жоспарын құруды тапсырды. Яғни ғылым, мәдениет және заманауи шығармашылық салалары бойынша еліміздің барлық өңіріндегі дарынды жастарды тартуға мүмкіндік ашу қажет. Осыған байланысты креативті жастарды бөлек қаржыландыруды жолға қою керек. Тек Алматы, Астана, Шымкент қалаларында ғана емес, Қазақстанның барлық өңірлерінде дарынды жастарға берілетін мүмкіндіктерді арттыру қажет.

**Ғалия ДӘУЛИЕВА,**
*Экономика кафедрасының меңгерушісі, э.ғ.к.*

# Суды үнемді қолдану жайын айтты

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының халыққа жолдауының негізгі өзегі мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық проблемаларына бағытталған. Соның ішінде мемлекетіміздегі жол логистикасы саласын жетілдіру, елді мекендерді қолжетімді су құбырларымен қамтамасыз ету, сонымен қатар «судың да сұрауы» бар дегендей, ресурсы шектеулі суды үнемдеп қолдану жайын айтты. Су мәселесі тұрақты даму мақсаттарында да атап көрсетілген. Еліміздің негізгі мақсаты – егіндік жер және агротехнологияларды қалпына келтіріп қана қоймай, жаңа инновациялық технологияларды тауып, мықты мамандар даярлап, мемлекетіміздің дамуы өндіріс көзінде екенін атап өтті.



Масштабты шешімдерді, соның ішінде атом электр станцияларын салуды тек халықтық референдум арқылы шешілетінін кесіп айтты.

Президентіміз алға қойған бағыт жаңа Қазақстанның интеллектуалды ұрпақ пен интеллигентті қоғам қалыптастыру екенін түсіндік. Біздің Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультетінің жаңа оқу жылына алған бағыты мен мақсаты да – осы. Интеллектуалды ұрпақ тәрбиелеп, мәдени интеллигенцияны қалыптастыру арқылы, бәсекелі тұлғалар арқылы өркениетті Қазақстанды аяғына нық тұрғызып, келесі жаһандық толқынның тізгінін келер онжылдықта алатынымызға сенімім мол.

**Айжан КҮДЕРИНА,**
*Дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы*

# Ұлттық экономика бағдары

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» деп аталатын жолдауы қоғам мен мемлекет өмірін тұтасымен қамтыған өзекті мәселелерді көтеріп, оны нақтылы шешудің жолдары жан-жақты байыпты саралануымен ерекше ықылас туғызды. Геосаяси ахуал шиеленіскен бүгінгі заманның көкейкесті талаптары экономикалық дербестігін дамытуға және сақтауға ұмтылып отырған еліміз үшін аса маңызды. Сондықтан Президент биылғы жолдауын ұлттық экономиканың өркендеуіне арнап, оның шын мәнінде әлемдік саясаттағы басым тренд екенін көрсетіп, талдап берді.**

Президент ұлттық экономиканы дамытудың келелі мәселелері ретінде ауыл шаруашылығын заманауи сапада дамыту, тау-кен өнеркәсібі мен табиғи қазба байлықтарды, жер ресурстарын тиімді ғылыми және қолданбалық тұрғыдан игеруге шақырды.

Сондай-ақ Қазақстан инфрақұрылымының өзегі – көлік және логистика саласына қатысты Президент ұсыныстары мен шешімдері айрықша назар аудартады. Еуразиялық сайын сахараны мекендеген ата-бабаларымыз ұрпағына осынау алып территорияны аманат етіп қалдырды. Қасиетті жерімізді қорғау және оны сақтап, ел игілігіне орынды жарата білу бүгінгі замандастарымызға әжептәуір салмақ және абыройлы міндет. Өз кезегінде Президент бұл мәселеге қатысты орын алған ділгірліктерге тоқтала келе: «Біздің транзиттік әлеуетімізді нығайту ісінде Транскаспий



бағдары айрықша рөл атқарады. Орта мерзімдік кезеңде осы дәліз арқылы тасымалданатын жүк көлемі бес есе артуы мүмкін. Ол үшін Қытай, Әзірбайжан, Грузия, Түркия сияқты серіктес мемлекеттермен бірге күш жұмылдыруымыз қажет», – деп, еліміздің географиялық, геосаяси мүмкіндігін жан-жақты ашып көрсетеді.

Жалпы, ұлттық экономиканың күретамыры болып саналатын жол-көлік логистикасына тұтастай креативті мемлекеттік менеджменттің қатысуының уақыты келгенін мойындауымыз қажет. Сол тұрғыдан алғанда, XX ғасыр басындағы қазақ инженериясының көшбасшысы, тұңғыш инженер, Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері Мұхамеджан Тынышбаевтың (1879-1938) тұлғасы мен инженерлік кәсіби мұрасын насихаттаудың, зерттеп түсудің жөн екенін атауға тиіспіз.

Мемлекет тірегі – адам. Адам капиталы жетілмеген елде ешбір дамудың, өркендеудің болмайтыны аксиомалық шындық. Қоғамда жеке тұлғаға, адамға мән берудің «халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатымен орындалуы, осы бір ұғымнан прагматикалық және әлеуметтік мемлекетті орнықтыру рухын сезінеміз. Мұны өз кезегінде Президент: «Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру еліміз үшін айрықша маңызды. Әрбір азаматымыз, әсіресе жастар, ең жақсы қасиеттерді бойына сіңіруі қажет. Оның бәрі бірігіп біртұтас қоғамдық қасиетке айналады. Әркім отаншыл, білімпаз, еңбекқор, тәртіпті, адал, әділ, үнемшіл әрі жанашыр болса, алынбайтын асу жоқ. Абайдың «толық адам» ілімінен бастау алатын «адал азамат» тұжырымдамасының түпкі мәні – осы», – деп түйіндейді. Жолдау осындай мәнмағынаға ие және еліміздің дамуына тың серпін берерлік батыл бағыттарымен қолдауға лайықты.

**Гүлбану ЖҮГЕНБАЕВА,**
*Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының ассоц. профессоры, тарих ғылымының докторы*

# Принципы нового курса – справедливость, инклюзивность, прагматичность

**Сегодня на совместном заседании парламента Глава государства Касым-Жомарт Токаев выступил с Посланием к народу Казахстана. Выступление нашего президента онлайн слушало все взрослое население страны. Думаю, что наиболее важными посылами в Послании является то, что К.-Ж. Токаев заявил о необходимости совместить политические реформы с социальными и экономическими преобразованиями, перейти на новую экономическую модель, во главе которой стоит реальное улучшение жизни граждан.**

Определяющими принципами нового экономического курса страны станут справедливость, инклюзивность, прагматичность. Большинство задач должны быть решены в ближайшие три года, часть будут иметь другие конкретные сроки. Важнейшей задачей, – считает Глава государства, – обеспечение экономической самодостаточности страны. В связи с этим, Правительству был дан ряд поручений, в том числе в регулировании закупок и доли его казахстанского содержания, добыче редкоземельных металлов, геологоразведке и др.



Казахстан должен стать одним из ведущих агроцентров Евразийского континента – это наша стратегическая цель. Это также и продовольственная безопасность страны. На собственные ресурсы необходимо опираться в вопросах энергетической безопасности. Принять решение о строительстве АЭС по итогам референдума. Президент услышал определенную часть людей, и отметил, что нужен референдум, а не личные решения.

Отдельный вопрос был о воде и возможном ее дефиците в будущем, о необходимости создания министерства водных ресурсов и ирригации. Обеспечение чистой водой и санитарией – это одна из Целей устойчивого развития, эту стратегию сегодня реализуют весь мир. И КазНУ имени Аль-Фараби активно вовлечен в реализацию ЦУР. На факультете журналистики запущены курсы повышения квалификации «Экологическая журналистика в рамках Целей устойчивого развития». Все вопросы, поднятые в Послании, не только актуальны и важны для каждого казахстанца, но столь необходимы сегодня и сейчас. Решать их надо оперативно и качественно.

КазНУ им. Аль-Фараби является научно-исследовательским университетом, 16 факультетов и наши НИИ готовы включиться по многим вопросам, поставленным Главой государства в ближайшее время. Это наши вопросы: политика и экономика, социальное развитие и воспитание, производство и оборонная промышленность, агроцентры и водные ресурсы, энергетика и прорывные проекты по самым разным направлениям развития нашей Родины. В университете проведена большая работа по выполнению задач, поставленных Президентом в Послании от 1 сентября 2022 г. В частности, Глава государства поручил «... реализовать принцип равных возможностей для каждого гражданина нашей страны». В соответствии с этим поручением, в КазНУ создан офис «Равенства, разнообразия и инклюзивности».

Мне хотелось бы еще отметить вопросы IT-услуг, «креативщиков», защите интеллектуальной собственности. Наш университет занимается этими вопросами профессионально и является передовым отрядом в высшем образовании страны. Мы приложим все свои усилия и новые разработки в развитие и процветание Казахстана.

Я, как профессор КазНУ им. Аль-Фараби, работающая более полувека в родном университете, могу сказать о том, что весь педагогический и технический персонал, вся наш молодежь активно включится в решение поставленных Президентом задач.

**Лайла АХМЕТОВА,**
*профессор КазНУ им. Аль-Фараби*

# Послание 2023 – яркое политическое событие

**Послание Президента Республики Казахстан К.К. Токаева от 1 сентября 2023 года имеет важное стратегическое значение и направлено на решение приоритетных задач по повышению конкурентоспособности национальной экономики, обеспечению макроэкономической устойчивости и социальной справедливости. По сути, это – программный документ, выражающий видение Президента и его можно рассматривать как руководство к действию для Правительства, бизнеса и населения.**





В Послании центральное место отведено вопросам развития социальной сферы, обеспечения достойного качества жизни населения, перехода на новую модель экономического развития страны.

Большое внимание уделено диверсификации национальной экономики, геологической разведке и освоению залежей редких металлов, энергетической безопасности, выпуску продукции с высокой добавленной стоимостью, поддержке отечественных предпринимателей, созданию экосистем, совершенствованию бюджетной политики и росту доходов регионов.

Новая модель экономического развития Казахстана должна базироваться на инновациях, применении искусственного интеллекта. Необходимо привлекать инвестиции для решения назревших проблем в сфере АПК, логистики, туризма, промышленности. Для обеспечения макроэкономической устойчивости нужно устранить преграды и барьеры, активно сотрудничать с соседними государствами, внести изменения в законодательно-нормативные акты, упростить закупочные процедуры, решить проблему кадрового дефицита.

Послание Президента – яркое политическое и экономическое событие года, вызвавшее огромный интерес у граждан Казахстана. Глава государства в своем выступлении четко обозначил векторы развития страны, рассказал о важных проблемах, стоящих перед страной и необходимости изменения общественного сознания, повышения ответственности и активности каждого гражданина.

Следует отметить, что КазНУ имени аль-Фараби с 2014 г. университет является Глобальным Хабом программы ООН «Академическое влияние» по устойчивому развитию и ведет активную работу по продвижению принципов и инициатив ООН и ЮНЕСКО по созданию условий для диалога между цивилизациями, культурами и народами.

Как известно, стратегия устойчивого развития включает задачи улучшения благосостояния и обеспечения достойной работой, которая является залогом экономической стабильности и роста доходов. В КазНУ имени аль-Фараби этому уделяется особое внимание: на 20% повышена заработная плата преподавателей и сотрудников. Эта мера направлена на социальную поддержку работников и улучшение их благосостояния, а также повышение престижа профессии преподавателя.

Коллектив кафедры менеджмента Казахского национального университета имени Аль-Фараби поддерживает все озвученные положения Послания и приложит все усилия для достижения намеченных целей, сохранения суверенитета и независимости нашего государства.

**Жанат БЕЛЬГИБАЕВА,**
*д-р. экон. наук, профессор кафедры менеджмента*

**Татьяна СОКИРА,**
*канд. экон. наук, и.о. профессора кафедры менеджмента*

# Мощный импульс для развития экономики

**В Послании Президента особое внимание уделено вопросам дальнейшей диверсификации экономики, повышения благосостояния народа.**

За прошедший период отмечены большие изменения в социально-экономическом положении страны. Так, например, заработная плата учителей по сравнению с 2020 годом возросла в 2 раза, существенно повысилась оплата медицинских работников, решаются жилищные проблемы граждан, строятся новые школы и т.д. В то же время Президент отметил усиление конкурентной борьбы в мировом масштабе за ограниченные ресурсы, развитие IT-технологий, искусственного интеллекта и т.п. В этой связи новая парадигма должна быть основана на эффективном использовании экономических преимуществ Казахстана. Далее Президент остановился на основных задачах, которые необходимо реализовать в ближайшие 3 года. Особая роль отводится формированию прочного промышленного каркаса страны, включающего: ускорение развития обрабатывающего сектора, диверсификация экономики (глубокая переработка нефти, развитие дальнейших переделов, металла, обогащение урана). Таким образом, назрела необходимость создания кластеров высокого содержания. При этом государство с крупными предприятиями должны замкнуть производство. Для развития обрабатывающих предприятий необходимо обеспечить их сырьем в необходимом объемах и по приемлемым ценам, что предусматривает государственное регулирование в таких важных аспектах деятельности. Президент отметил, что доля офтейк контактов (off-take contract) должна составить до 10% в общем объеме. Кроме того, необходимо освободить на 3 года предприятия обрабатывающей промышленности от налогов.



Развитие экономики требует больших инвестиций. Необходимо стимулировать приток как частных отечественных инвестиций, так и иностранных инвестиций. Государственные (бюджетные) инвестиции ограничены. Поэтому, как отметил Президент, подготовлен Закон, касающийся рационального и подотчетного использования бюджетных средств, и, на данной основе, развитие собственного производства за счет бюджета.

Большое внимание в Послании Президент уделил развитию энергетической отрасли. Поставлена цель обеспечить энергетическую безопасность страны, постепенно отказаться от импорта электроэнергии, что соответствует стратегии ЦУР: одна из Целей устойчивого развития ставит задачу обеспечения недорогостоящей и чистой энергии. В этой связи необходимо совершенствовать подходы к управлению энергетической отраслью, развивать водородную энергетику, использовать торговлю квотами на выброс парниковых газов. Президент подчеркнул, что Казахстан является крупнейшим производителем урана в мире. Поэтому необходимо продолжить общественные слушания по строительству атомной электростанции (АЭС) в стране, но для окончательного решения требуется проведения всенародного референдума. Это верное решение, так АЭС имеет как положительные стороны, так и побочные эффекты и, прежде всего, важно обеспечить ее безопасность для людей и окружающей среды.

Кафедра «Экономика» КазНУ имени Аль-Фараби с воодушевлением восприняла Послание Президента Казахстана. Мы готовы вносить вклад в подготовку квалифицированных кадров в области предпринимательства, цифровой экономики и других важных ее отраслей.

**Бахыт БАЙТАНАЕВА,**
*канд.экон.наук, доцент кафедры экономики ВШЭБ*

# Ізденімпаз ұстаз

**Ойлап қараған адамға тарих көз алдымызда қалыптасуда. Сондай тарихи маңызы бар жайдың бірі – тағдыры ауыр Ауғанстан елі жастарына Қазақ елінде жоғары білім алу мүмкіндігін беру. 2009 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ауғанстан Ислам Республикасы Үкіметі арасындағы білім беру бағдарламасына қол қойылды. Мемлекетаралық бағдарламасын жүзеге асыру міндеті Қазақстандағы екі университетке – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университетіне ұсынылды.**

Осы ауқымды жоба басталған кезде-ақ Ғылым және жоғары білім министрлігінің тапсырмасымен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетіне ауғанстандық жастарды тілдік дайындық курсынан өткізу жүктелді. Әлеуметтік жағдайы төмен, соғыстан көз ашпаған мемлекеттен келген жастарды оқытудан бұрын, Қазақстанның әлеуметтік ортасына бейімдеудің өзі үлкен қиындық тудырған болатын. Аталмыш факультет осындай зор жауапкершілікті абыроймен атқарып шығудың барлық алғышарттарын жасап, екі ел арасындағы саяси салмағы бар, өте нәзік, шетін қарым-қатынасты барынша ретті орындап шығу жолында көп күш-жігер жұмсап, үлкен жұмыс атқарып келеді.

Ауғанстан тарихына көз жүгіртсең, ойға бірден «соғыс» деген сөз оралады. Ең өкініштісі, осы соғыстың басты құрбаны жастар болып отыр. Он шақты жыл кеңес әскері басып алған, одан соң АҚШ қарулы күштері билік жүргізген ауған халқы моральдық, физикалық тұрғыда көп зардап шекті. Халқының көп бөлігін жоғалтты. Елдегі жастардың білім алу мүмкіндігі болмады. Олардың басым бөлігі сауатсыз. Жаппай мүмкіссіздік жастарды соғысқа, есірткі саудасымен айналысуға, тіпті суицидке итермеледі. Қазір ауған жастары осы бір тарихи әділетсіздіктің құрбаны болып шаршады, олар білімнің құндылығын түсінді. Дей тұрғанмен мәдениет, білім, әлеуметтік жағдай тұрғысынан кенже қалып, бірнеше буын ұрпақ жылдар бойы от пен оқтың ортасында өскен азаматтарды мүлде басқа орта – біздің елдің оқу жүйесі, өмір сүру салтына бейімдеу аса бір жеңіл шаруа емес. Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетіне жүктелген жауапкершілік пен қиындықтан шығудың тиімді жолдарын кафедрада алғаш жолға қойған оқытушы Гүлшара Тастемірова болды.

Ауған елінен Еуроодақтың қаржыландыруымен және Біріккен Ұлттар Ұйымының даму бағдарламасымен жүзеге асырылып келе жатқан жоба аясында Ауғанстан студенттері Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан елдерінің университеттерінде тегін оқып келеді. 2010 жылдан бері Қазақстанда 1000-нан астам ауғандық маман даярланған екен.

Ең тыныш тіршілік кешетін мамандық иесі, күн сайын жүздерінен жылы шуақ төге жас буынға білім нәрін беретін ұстаздың өмірі де қауіп-қатерге толы болуы мүмкін екен. Дайындық факультетінде 20 жылдан астам еңбек етіп келе жатқан Гүлшара Асылбайқызының өмірі де тыныш аққан өзендей өтуде деп айта қою қиын.

Оңтүстік өңірде, адал еңбегімен туған жерін көркейтуді мақсат тұтқан Асылбай Тастеміровтің шаңырағында дүниеге келген Гүлшара Асылбайқызы бала күнінен еңбектің қадірін, адамдардың бір-біріне деген үлкен жанашырлығының бағасын біліп өсті. Әкесінің еңбекпен абырой мен беделге бөлену үлгісін көрсете жүріп, аудандық, кейіннен облыстық кеңеске депутат болып сайланғаны да осы бір елінің жанкешті патриотының жүрек түкпіріндегі өмірге деген үлкен құштарлық пен Отанға деген үлкен сүйіспеншілікті байқатса керек.



Гүлшара Асылбайқызы орта мектептен соң, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде жоғары білім алып, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы мамандығын алып шықты. 2002 жылдан бастап өзі білім алған университеттің дайындық факультетінде еңбек етіп келеді. Бүгінде аға оқытушы. Ғылыми жұмыспен талмай айналысып, 2007 жылы филология ғылымының кандидаттығын қорғап шықты. Жарыққа шығарып үлгерген монографиясы, 10-нан астам оқу-әдістемелік құралы – ғылыми ізденістерінің нәтижесі. Нақтырақ айтсақ, 2016 жылдан бері қажырлы зерттеушілік қабілеті, ғылыми ізденушілігі, орасан еңбексүйгіштігінің жемісі ретінде «Биология» оқу құралы (2016, А.Еланцев, А.Маутенбаевмен бірге); «Қазақ тілі: оқиық, үйренейік, ізденейік» оқу құралы (2021, Ж.Ибраимовамен бірге); «Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мәселелері» оқу-әдістемелік құралы (2017); «Қазақ тілінен мәтіндер жинағы» (техникалық мамандықтарға арналған, 2017); «Шетелдік тыңдаушыларға білім берудің ерекшеліктері» оқу-әдістемелік құралы (2017); «Қазақ тілі» оқу құралдары (2017) тәрізді ғылыми, әдістемелік еңбектері жарық көрген.

Сонымен қатар «Қазақ тілі» (№14221, 2020 ж. Р.Наралиева, Г.Тілеужановамен бірге); «Қазақ және түрік сатирасындағы шығармалық байланыстар (көркем аударма тәжірибесінде)» (№14286, 2021 ж.); «Шетелдік тыңдаушыларға білім берудің ерекшеліктері» (№15513, 2021 ж.; Н.Мәтбек, Г.Тілеужанова, Г.Сапаевамен бірге); «Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мәселелері» (№15515, 2021 ж.; Н.Мәтбек, Г.Тілеужанова, Г.Сапаевамен бірге) ғылыми туындыларының; оған қоса, «Қазақ тілінен мәтіндер жинағы» (№14091, 2020 ж. Н.Мәтбекпен бірге); «Қазақша-орысша-дәрише тілдескіш» (№14092, 2020 ж., Н.Мәтбекпен бірге); «Қазақ тілі: оқиық, үйренейік, ізденейік» (№22794, 2022 ж., Ж.Ибраимовамен бірге) құрамдас туындыларының авторлық құқық куәліктеріне ие.

Тәжірибелі ұстаздың тағы бір қыры – Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасында «Жас ғалым» клубын ашу жұмыстарының басы-қасында болып, докторантура мен магистратураға оқуға түсуге ниеті бар қазақ тілін үйренушілерге ғылыми мақала жазудың қыр-сырын меңгертіп, бакалавриатта алған білімін жүйелеп, емтиханға дайындалудың барынша оңтайлы жолдарын үйретіп, оқуға түсуіне себепкер болып жүргенін біреу білсе, біреу біле бермейді.

Болдым, толдым дегенді білмейтін ізденімпаз жан, білікті ұстаз, білімді ғалым әлі де жаңа қырларын аша түсу мақсатында өз-өзін қамшылап, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да 2006 жылы (куәлік №1616) және 2015 жылы (куәлік №4004) біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Ал 2022 жылы Орталық Азия психоанализ институты жанындағы алты айлық «Психоанализ негіздері» курсын бітіріп, сертификат алып шықты. Оның өзіндік ерекше бір сипаты – шет тілдерін талмай үйренетіні. Оған қоса, психология тақырыбын терең зерттегенді, кітап оқып, саяхатқа шыққанды ұнатады.

Жауапкершілігі зор, ұйымдастырушылық қабілеті мол, басқарушылық дарыны бар, талапшыл, алға қойған міндеттерге шығармашылықпен жетуге дағдыланған ғалым-ұстаздың еңбегі лайықты бағаланып келеді. Оған «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне – 75 жыл» төсбелгісі, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне – 80 жыл» мерекелік медалі, «Ерен еңбегі үшін» медалі т.б. марапаттары дәлел.

Гүлшара Асылбайқызы – ұлын азамат етіп жеткізген асыл ана, келініне мейірімін төккен ақылды ене, немересін өмірене сүйетін аяулы әже.

**Гүлхан ТІЛЕУЖАНОВА,**
*Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасы меңгерушісінің орынбасары*

# Ұлы заттарды ыдыратудың тың тәсілі

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары фотобелсенді материалдардың көмегімен органикалық және бейорганикалық ұлы заттарды молекулалық деңгейде ыдырататын инновациялық әдіс ойлап тапты.**

«Берілген электрондық қасиеттері бар кең тыйым салынған аумақты ауыспалы металл оксидтері мен плазмонды нанобөлшектердің негізіндегі наноөлшемді қабықшалы құрылымдар» жобасы Тілекқабыл Рамазановтың жетекшілігімен жүзеге асырылуда.





Бүгінде қоршаған ортаның органикалық және бейорганикалық улы заттармен ластануымен күресу – өзекті мәселелердің бірі. Сол себепті жоба тұрақты даму мақсаттарын іске асыру бойынша құрлық экожүйелерін сақтауға негізделіп отыр. Ластанумен күресудің бір жолы – оларды фотобелсенді материалдардың көмегімен молекулалық деңгейде ыдырату. Ең тиімді фотобелсенді материалдар ZnO және TiO2 сияқты кең тыйым салынған аумақты шалаөткізгіштер болып табылады. Бұл материалдар арзан әрі улылығы төмен, химиялық құрамы тұрақты және практикалық қолдану үшін маңызды. Осы материалдардағы заряд тасымалдаушылардың энергиясы сәулелену әсерінен пайда болады. Ал осы тотығу-тотықсыздану реакцияларын материал бетіндегі адсорбцияланған ластаушы макромолекулалардың ыдыратуына жеткілікті.

Үлкен тыйым салынған аумақтың (3 эВ-тан жоғары) әсерінен заряд тасымалдаушылар генерациясы тек ультракүлгін сәулесінің әсерінен пайда болады. Аталған шалаөткізгіштерді кең көлемде пайдаланудың тежейтін басты мәселе де – осы. Өйткені ультракүлгін сәулелер күн сәулесі спектрінің 4 пайызын ғана құрайды.

Сондықтан жоба барысында TiO2 және ZnO жұқа қабықшаларының құрамына алтын, күміс және қоспалы асыл металл нанобөлшектерін енгізу арқылы олардың фотобелсенділігін арттыру мүмкіндігі зерттеледі. Металл нанобөлшектері TiO2 және ZnO жұқа қабықшаларының көрінетін диапазондағы функционалдық сипаттамаларын жақсартады.

Фотоактивтілікті бағалау ультракүлгін және көрінетін жарықтың әсерінен бояғыштың ыдырау жылдамдығын талдау, электрохимиялық ұяшықтарды пайдалану арқылы фотоэлектрохимиялық өлшеулер сияқты әртүрлі әдістермен жүзеге асырылады.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі**

# Al-Farabi university did meet my expectations!

**It's been many years now that al-Farabi university has been attracting citizens of other countries to study in Kazakhstan and training professionals in various fields. Foreign students admitted to our university mostly pursue studies in healthcare, economics and management, and humanities. Thus, this academic year students from Afghanistan were lucky to be enrolled in our university for the curriculum where all studies are held in English at the higher school of economics and business.**



Upon the completion of their first academic year in Kazakhstan we've decided to share some of their impressions about their first year abroad, studies at Al-Farabi university, and educational process in general.

**Mohamad Qais Namanoos Khatibi,** a first-year bachelor degree student in management specialty, being a chess champion in Afghanistan and having a chance to study somewhere in Europe, preferred Kazakhstan and he says he is happy to study in one of the best universities of the world, according to QS world rankings, and he never regretted about his decision to enter Al-Farabi University.

**Atiq Faizi** a first-year bachelor degree student in management specialty, agrees with him saying that to come to Kazakhstan and study at Al-Farabi University was a conscious choice for him as well and despite the fact that studying here might be very demanding and tedious sometimes, he is very satisfied with his educational experience here.

**Shaiekh Shayeq,** a first-year bachelor degree student in management specialty: "To my delight, Al-Farabi university did meet my expectations, giving me an opportunity to not only make friends, study abroad in an international academic environment, but also learn some Kazakh language and get to know Kazakh culture. After a brief Kazakh language course, I can communicate with basic greetings, describe time, favourite food, things I like to do in different places. I also learnt basic grammar. I also like Almaty, it's an exciting and interesting city, with a lot of opportunities and cultural events. I love the fast way of life here."

**Zohra Amiri,** a first-year bachelor degree student in management specialty: "Before coming here I talked with my compatriot students studying in Kazakhstan via Facebook and heard very positive feedback about Al-Farabi university, so I decided to study here. I am satisfied with the education provided at your university. Teachers here are very interactive, and always ready to help us. During my winter session at the university I had some difficulties with the evaluation system, which is due to the difference between the evaluation system in Afghanistan and here, but the academic staff were very supportive".

**Wahidullah Sepahizada,** a first-year bachelor degree student majoring in management specialty: "Between education in Kazakhstan and Afghanistan, I would like to point out that here students are given more homework, there are assignments to work independently, and students research and learn the material themselves".

**Sharifi Najia,** a first-year bachelor degree student in management specialty: "At the beginning of our studies it was hard sometimes to follow new schedule changes and homework information. All courses at the university are quite demanding, but not especially difficult. I spend most of my time studying because we need to prepare well to score high in the assessment. Overall, my experience of studying here is good so far. I really like Kazakhstan and the people here. I would also like to say that I love Kazakh cuisine, I can cook good food myself, and I'm learning how to prepare local food from my friends".

It's remarkable to point out that all Afghani students are one in recommending the international community students to come to study at Al-Farabi university where the academic excellence is coupled with high quality education program.

**Galiya KULZHANBEKOVA,**
*Foreign languages department*

**Integrating SDGs into education offers a transformative educational experience to foster awareness, critical thinking, and active engagement. This article explores KazNU's initiatives to integrate SDGs into English education, creating a transformative pedagogy that enhances students' language skills while fostering a sense of global citizenship and environmental responsibility.**

# Integrating Sustainable Development Goals (SDG) issues in English language classrooms:

## the case of al-Farabi Kazakh National University



In an era marked by global challenges, the role of education goes beyond mere knowledge transfer; it is about equipping students to navigate complex issues and contribute to a sustainable world. The SDGs are a set of 17 global objectives to address various social, economic, and environmental challenges by 2030 that provide a comprehensive framework for building a sustainable future. Universities are crucial in preparing the next generation to address global challenges.

Integrating SDGs into English language teaching goes beyond the traditional language acquisition process. It enriches the learning experience by offering a range of benefits that extend beyond traditional language learning..

Discussing SDGs encourages students to use language for practical purposes beyond academic exercises and critical thinking as students analyse complex global challenges in debates, discussions, and projects that require them to communicate effectively, enhancing their language proficiency..Next, learning about SDGs exposes students to diverse global issues, cultures, and experiences. This approach exposes students to diverse cultures, perspectives, and approaches to sustainability. Last but not least, most minor benefit of incorporating SDGs into English education is that it lends itself well to project-based learning. Students work collaboratively on projects related to real-world issues, enhancing research, presentation, and teamwork skills. It equips students with the tools to communicate their ideas effectively and persuasively.

Thus, integrating SDGs into English education transforms language learning into a dynamic and relevant experience and, what is most important, educators contribute to raising a generation of informed, conscious individuals ready to address global challenges, make informed decisions, and contribute positively to a sustainable future.

To gain the benefits mentioned above from the pedagogical perspectives, the Foreign Languages Department is implementing initiatives to integrate SDGs into Language Education in several steps (Figure 1).

***Step 1: Curriculum Enhancement.***

- SDG-Infused Literature: Selecting literary works that resonate with SDG themes, fostering critical thinking and empathy.
- SDG-Integrated Projects: Assigning projects where students investigate and propose solutions to real-world challenges aligned with specific. Students create presentations, debates, or research papers focusing on language skills while addressing SDG-related challenges.

***Step 2: Faculty Training.***

- SDG Pedagogy: Equipping teachers with pedagogical strategies to design lessons that link language instruction with SDGs, encouraging students to discuss, debate, and write about SDG-related topics.
- Interdisciplinary Collaboration: Encouraging collaboration between language instructors and experts from various disciplines..

***Step 3: Experiential Learning***

- Learning extends beyond the classroom through experiential opportunities that allow students to apply language skills to real-world scenarios related to SDGs.
- Community Engagement: Collaborating with local NGOs and organizations working on SDG-related projects. Students engage in community service, volunteer work, conduct interviews, and create awareness campaigns, enhancing language skills while making a positive impact.
- Global Partnerships: Fostering international exchanges with students from universities worldwide facing different sustainability challenges to facilitate virtual collaboration.

***Step 4: Student-Led Initiatives.***

- SDG Clubs:. These clubs organize events, workshops, and awareness campaigns, creating a platform for students to initiate change.
- Innovation Competitions: Hosting competitions challenge students to develop innovative solutions to local or global sustainability challenges.
- From the didactic perspective, Foreign languages department teachers utilize the following integration strategies:

**1. Incorporate Relevant Materials:** Utilising articles, videos, and literature related to sustainable development, climate change, poverty, and other SDG-related topics as reading and listening materials. **2. Discussion and Debate:** Engaging students in discussions and debates about global issues and potential solutions. **3. Project-Based Learning:** Assigning projects that require students to research and propose solutions to specific SDG-related challenges. **4. Language for Advocacy:** Teaching language structures and vocabulary needed for advocating and raising awareness about SDGs. **5. Cultural Exchange:** Exploring diverse cultures and their perspectives on sustainable development.

As part of the implementation of SDG initiatives, teachers of the Foreign Languages Department conduct educational activities on an ongoing basis. For example, this year, A.K. Shayakhmet and A.Zh. Otetileuova held the event "Earth Day 2023" within the framework of the university program "Green Campus". Students of the Faculty of Oriental Studies took an active part and tried to show the relevance of saving Mother Earth. With the help of artificial posters, dramatisations, songs and poems, the students tried to convey the need to preserve and protect our Land for future generations. The students also made a video dedicated to Earth Day under the slogan "Save the environment!"

Another exciting event was held by teachers Ushkempirov B.A., Zhubanova K.H., Kuralova A.T. and Ermakhanbet N.R. on the topic "Affordable and environmentally friendly energy". The round table was employed with1st-yearFaculty of Mechanics and Mathematics students andspecial guest Sudan Emadeldin Abdallah Hassan Elamin, aFaculty of Medicine and Healthcare student.

Aisultanova K.A., Aliyarova L.M., Musanova G.A., Utegenova K.C. and Atabayeva G.K. organised a round table on the topic "Poverty eradication" within the framework of the UN program: "Sustainable Development Goals (SDGs)". The event was attended by first-year students of the Faculty of History, students of the Faculty of Law of Al-Farabi Kazakh National University, and first-year students of the University of Karabuk Turkey and Istanbul Technical University.

.Students of Al-Farabi Kazakh National University and Sudan students prepared presentations, videos and games on a given topic, adapted a world-famous fairy tale on ecology and shared interesting information. The event was informativeand thought-provoking; almost every student gained valuable knowledgeand experience. The round table was held offline and online in Kazakh and Englishlanguages.

The republican conference on the topic: Qualitative Education within the UN Program: Sustainable Development Goals was devoted to the issue of quality education within the SDGs, organised by GumarovaSh.B., Isabaeva B.K., Rustemova A.I., Orazaeva G.A. in collaboration with the GumilevEurasian National University colleagues.It is worth noting that the conference participants took a very responsible approach to "Quality education" as the case is global and discussed nationally and internationally. The reports were interesting, informative and covered information ranging from university rankings to students' sports and cultural life.

Al-Farabi Kazakh National University's holistic approach to integrating SDGs into teaching English reflects a commitment to shaping well-rounded, conscientious individuals. By intertwining language proficiency with global awareness and sustainability values, the university cultivates graduates with skills and mindsets to contribute to a more sustainable and equitable world..

**Perizat YELUBAYEVA,**
*Candidate of pedagogical sciences, associate professor at Foreign Languages Department*

**Prepared by Aizhan MULDAGALIEVA**

# Жазғы медиамектептегі тренинг

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ыстықкөлдегі спорт-сауықтыру лагерінде өткен Франция медиа ұйымдарымен бірлескен журналистика және коммуникация жазғы мектебі өз курсын тамамдады. Шараға Ресей, Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан елдерінен келген оқытушылар мен студенттер қатысты.**



Жыл сайын халықаралық деңгейде өтетін бұл медиамектепке биыл 10 жыл толып отыр. Шараны ұйымдастырушылар – журналистика факультеті, Францияның Медиа Монде академиясы және Париждегі Ұлттық аудиовизуалды институты.

Шараға Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Якутия елдерінен журналистер, оқытушылар мен студенттер қатысты. Француздық менторлар «Фактчекинг» және «Мобильді телефон арқылы түсірілімдер» курстарында студенттер мен оқытушыларға теориялық және практикалық білім берді. Олардың қатарында медиатренерлер – Париждегі CAPA агенттігінің журналисі Полина Чубар және француз журналисі Пьер Лорен бар.

БҰҰ Жаһандық коммуникациялар департаментінің өкілі Властимил Самек өзінің құттықтау сөзінде: «Биылғы 10-шы мәрте өткен жазғы медиамектеп – журналистика саласындағы білім берудің өзекті мәселелерін бірлесіп шешуге мүмкіндік беретін кездесу. Қазіргі журналистика қай бағытта дамиды, бұл өте маңызды мәселе. Әлемді шынайы ақпарат деректермен қамтамасыз ету – БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсатының негізгі миссиясы. Толассыз ақпараттардың бұрмалануы жаһандық қауіптерді алып келуі мүмкін. Сондықтан біздің ұйым Тұрақты даму мақсатының бастамалары ретінде бірге әрқашан қолдай аламыз», – деп атап өтті Властимил мырза.



Париждегі ұлттық аудиовизуалды құралдар институтының тренері Пьер Лореннің «Мобильді видео» курсында студенттер ұялы телефон арқылы жаңалықтар репортажын табиғат аясында түсіріп, өз сюжеттерін құруды үйренуде. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің студенті Ералы Ғаниұлы: «Жазғы мектепке алғаш қатысуым. Осы шараға жолдама беріп, қолдаған ҚазҰУ Ақпарат және коммуникациялар департаментінің фотографы Марат Жүнісбековке алғыс айтамын. Француз журналисі Пьер Лореннің «Мобильді түсірілім» курсы маған жаңа білім мен қажетті дағдылар үйретті», – деп өз пікірін айтты.

**Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА,**
*Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының меңгерушісі*

# Биология мұражайына саяхат

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетіндегі Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасы шетелдерден – Қытай Халық Республикасы, Моңғолия, Ресей, Иран, Өзбекстан Республикасынан келген жастарымызды аталған кафедраға тыңдаушы ретінде оқуға қабылдады. Осы оқу жылында 22 топ құрылып, әр топта 10 тыңдаушы білім алуда.**

Биология және химия пәндерімен байланысты мамандығын таңдаған бірнеше топ аталған пәндер бойынша білім алуда. Олар болашақта медицина, биология, биотехнология, генетика, экология, ауыл шаруашылығы, спорт, тағы басқа да салалардың мықты маман иесі болуды көздеген жастар. Биология ғылымына қызығушылығы айтарлықтай жоғары, бәрін білгісі, көргісі, оқығысы келеді. Осыған байланысты кафедрамыздағы «Жас биолог» үйірмесінің жетекшілігімен биология факультетінде орналасқан ғылыми мұражайға саяхат жасалды. Онда көптеген мәліметтермен танысып, көптеген сұрақтарға жауап алды. Мұражайдың үш залымен, ондағы экспонаттармен, тірі организмдердің тіршілік ету аймақтарымен презентациялау бойынша танысып, мәліметтерге қанық болды. Сонымен қатар Қызыл кітапқа енген өсімдіктер мен жануарлар дүниесі туралы да білімдерін толықтырды. Қазақстанның қорықтары, оның табиғаты мен қорғалатын фауна-флорасымен танысып, көптеген фотосуреттерді көрді. Жер бетінен жойылып кеткен Тұран жолбарысының тұлыбын тамашалады. Керкұлан, қасқыр популяциясы, бұлан т.б. жануарлармен жақын танысты.

Одан кейін биология факультетінің қысқаша тарихымен танысты отырып, факультеттің Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасы туралы мәлімет берілді. Саяхат соңында тыңдаушылар мұражайдың жеке альбомына ризашылығын жазып, қолтаңбаларын қалдырды.

«Алда әлі білім алу жолында талай белестер мен асулар бар, оны меңгеру міндетіміз», – деп тұжырымдады саяхат-сабақтан жігер алған тыңдармандар.

**Айнагүл ҮСЕНБЕКОВА,**
*жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушысы*

**Тұрақты даму мақсаттарын (17-мақсат. Тұрақты даму мүддесіндегі әріптестік) жүзеге асыру бағдарламасының негізінде Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыруға гранттық қаржыландыру бөледі. Осы бағдарламалар аясында еліміздің әртүрлі саладағы жас ғалымдары әлемнің үздік университеттерінде ғылыми тағылымдамадан өтуге мүмкіндіктер алуда.**

# Ғылыми тағылымдама – құнды элемент







Ғылыми тағылымдамалар жас ғалымдардың өз мамандықтарын дамытуға және болашақта ел ғылымына үлес қосуға көмектесетін құнды тәжірибе мен білім алуына мүмкіндік береді. Жас ұрпаққа және ғылымның дамуына осындай көңіл бөлу Қазақстанда қолайлы орталардың бірін қалыптастырады. Бұл өз кезегінде отандық ғылымды серпінді зерттеу мен ашу үшін үлкен мүмкіндік береді.

Химия және химиялық технология факультеті Аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасының оқытушылары Райгүл Жұманова мен Елдана Бақытжан Экс-Марсель университетінің Мадирель зертханасында (Марсель, Франция) ғылыми тағылымдамадан өтті. Ғылыми тағылымдама жетекшісі – Экс-Марсель университетінің профессоры Флоранс Вакандио.

Райгүл Жұманова тағылымдамасы 2021-2023 жж. гранттық қаржыландыру AP09260383 «Магний-иондық батареялар үшін қайтымды анодты әзірлеу» ғылыми жобасы шеңберінде жүзеге асты. Жоба аясында алынған нәтижелер магний ионды батареяларға жаңа инновациялық анодты материалды синтездеуге мүмкіндік берді.

Елдана Бақытжан тағылымдамасы «Жас ғалым» гранттық қаржыландыру аясында AP14573133 «Болат бетіне антикоррозиялық қасиеттері жоғары полимерлік нанокомпозиттік қаптамаларды электрхимиялық синтездеу» ғылыми жобасы шеңберінде жүзеге асты. Тағылымдама нәтижесінде қорғаныштық эффекті жоғары жаңа нанокомпозиттік қаптамалар синтезделді.

Тағылымдама барысында жас ғалымдар Мадирель зертханасының ішкі ғылыми конференциясына қатысып, өз зерттеу нәтижелерімен бөлісті. Сонымен қатар электрхимия бағытында жұмыс істейтін ғалымдармен халықаралық байланыстар орнатты.

Біздің университеттің жас ғалымдары әлемдік ғылыми қоғамдастықта Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің мәртебесін көтеріп, халықаралық деңгейде зерттеу жобаларын іске асыруда.

**Ақмарал АРҒЫМБАЕВА,**
*химия ғылымының кандидаты, доцент*

**Гүлмира РАХЫМБАЙ,**
*PhD, доцент міндетін атқарушы*

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ
**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ
**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: **kaznugazeta@gmail.com**
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.
**Газетке жазылу индексі: 64787**
Таралымы – 2500
- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.